

Бұл мұражай қуғын-сүргін жылдарын жадымызда жаңғыртады

1 маусым 2012 | 22:06 | Саясат | Қаралған: 2424 | Пікірлер: 0



Тарихтың беттерін жиі парақтаған сайын, біз оның кейбір тұстарының қанмен жазылғанын көреміз. Қасіретті жылдардың қара бояуы адамзат санасынан бәрібір өшпейді екен. Әсіресе, қылышынан қан тамған кеңестік заманның ел басына әкелген зобалаңы әлі де талай жанның жүрегін жаныштап, зіл батпан жүк болып жатыр. Кеше аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ облыс орталығында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражайдың тұсауын кесті.



Иә, қаншама халықты қынадай қырып, обалына қалған кеңестік заман келмеске кеткенімен, сананы дірілдеткен салқын сызы әлі де ұмытылған жоқ. Облыс орталығындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражайдың ашылу салтанатына жиналған қауымның көпшілігінің қарт адамдар болуы да түсінікті. Өйткені, олар кешегі «халық жауларының» балалары. Олардың аталары мен әкелері, аналары сол жылдардың нағыз куәгері болды. Саналы ғұмырын темір тордың ар жағында өткізіп, кейбіреулері тіпті, жазықсыздан жазықсыз атылып та кетті. Қуғын-

сүргін құрбандарын ешкімнің де ешқашан ұмытуға қақысы жоқ. Өйткені, ол қайғылы да қасіретті болса да біздің тарихымыз.

Азапты жылдардың ащы тағылымын зердемізге неғұрлым көп тоқыған сайын, біз Тәуелсіздіктің қандай тәтті ұғым екенін тереңірек түсінеміз. Мұны саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражайдың ашылу салтанатында сөз алған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ та ерекше атап айтты.

– Өрбір халықтың есінде қалатын тарихи оқиғалар болады. Біздің ұлтымыздың тарихында да қасіретті оқиғалар аз емес. Сондай нәубеттердің бірі – отызыншы жылдардағы ашаршылық болса, тағы бірі – отыз жетінші жылдардан басталған саяси қуғын-сүргін. Осынау ел басына түскен зобалаң жылдар

қаншама шаңырақты шайқалтты. Қаншама апаларымыз жесір атанды. Мұның бәрі табиғаттың емес, адамның қолымен жасалған қасірет болатын. Сол кезде жүргізілген солақай саясаттың салдары еді. Өздеріңіз білесіздер, сол жылдары Қазақстанға лек-пегімен мыңдаған босқындар жер аударылды. Қуғын-сүргінге ұшыраған сол өзге ұлт өкілдерін кеңпейіл қазақ бауырына басып, пана болды. Мұның бәрі қазақ халқының қонақжайлылығы мен қарапайымдылығын көрсетеді. Біз бұл қасіреттердің ешқайсысын ешқашан ұмытпауымыз қажет. Қазіргі жастар осынау тарихты естерінде сақтауы тиіс, – деді аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ бүгінгі ашылып отырған мұражайдың өзiрге облыстық тарихи-өлкетану мұражайының бiр бөлiмi екенiн айта келiп, болашақта саяси қуғын-сүргiн құрбандарына арналған жеке мұражайдың да ашылатынын жеткізді.

Мұражайдың салтанатты ашылуы рәсiмiнде кешегi «халық жауының» қызы Әсипа Бәжiкенова апамыз да сөз алды. Оның әкесi Темiрхан Катонқарағай ауданының Көктерек ауылдық кеңесiнiң төрағасы болып қызмет етiптi. Десе де күндердiң күнiнде ол аяқ астынан «халық жауы» атанып шыға келедi. Сөйтсе, бар жазығы ауқатты адамның қызына үйленгенi екен. Осыпайша Темiрхан Саринов он жылға Ақмола облысындағы лагерьлердiң бiрiне, одан әрi Сiбiрге жер аударылады. Тек 1956 жылы ғана ақталып шығады.

– «Халық жауының» қызы ретiнде бiз көп қудалау көрдiк. Балаларымыз да еркiн жүрiп-тұра алмады. Институтта оқу арманға айналды. – дедi Әсипа Темiрханқызы. – Ендi ондай заманды басымызға бермесiн. Тәуелсiздiгiмiздi, бостандығымызды бағалаңдар.

Өскемен қаласындағы ақсақалдардың бiрi Жәнiбек Үсенов те сөз алды. Жәнiбек ақсақал 1937 жылы «халық жауы» болып ұсталып кеткен әкесiн әлi сағынатынын, тым болмаса суретiн көрсем деп армандайтыны жайында айтты. Аудандық партия комитетi шақырған соң, аудан орталығына салт атпен кетiп, қайта оралмаған әке бейнесi сол кезде небәрi тоғыз жасқа ендi толған баланың көз алдында мәңгi сақталып қалыпты. Ауылға әкесi мiнген аттың өзi ғана келген екен. Ертоқымы мен жүгенiн бiреу сыпырып алса керек. «Ат екеш ат та иесiн iздеп, кiсiнейдi екен» дейдi Жәнiбек ақсақал.

Тыл ардагерi Артур Штыхминг те әсерлi сөйледi. Ол ез сезiнде бәрiне кiнәлi тоталитарлық режим екенiн қадап айтты. Қазiргi күнi сол бiр қиын-қыстау кезде Қазақстанға жер аударылған әртүрлi ұлт өкiлдерi тату-тәттi тiрпiк кешуде. Бәрi де Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ жүргiзген ақылды

саясатының арқасы деген қарт неміс мәдени орталығының атынан жаңадан ашылып отырған қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мұражайына тың деректерді табыс етті.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ мұражайдың пентасын қиды.

Жалпы, қызыл саясаттың алғашқы ызғарлы қаһарына ең алдымен «Апаш» партиясының мүшелері ұшырағаны белгілі. 1928 жылдың соңына қарай 44 адам тұтқынға алынып, бесеуі ату жазасына кесіліпті. Ал 1937 жылы Қазақстанда қуғын-сүргіннің қанды шеңгеліне 7500 адам ілігіп, олардың 2500-і атылған. Бұл қырғын біздің облысты да айналып өтпеген. Мұндағы мәліметтер бойынша, облыс бойынша 1350 адам қуғын-сүргінге ұшырап, 300 адам ату жазасының құрбаны болыпты. Олардың ішінде өндіріс басшылары да бар. Атап айтқанда, Риддер кенішінің басқарушылары Р.Дрейман, А.Кельмансон, «Ульбастрой» тресінің басқарушысы А.Спекторов, Құлынжұн кен басқармасының директоры А.Беляпов саяси қуғын құрығына іліксе, Зырян кен басқармасының бастығы Ж.Тәттібаев ату жазасын арқалаған көрінеді.

Иә, қапай десек те адамзат өміріне зобалаң әкелген ащы тарихтың да берер тағылымы бар. Бұл мұражайдың сол тарихты ұрпақ жадында жаңғыртып, сақтау үшін қажет екені сөзсіз.

Мейрамтай Иманғали